

*Танымдық-қызығушылық компоненті* - балалардың танымдық қажеттіліктерін: қызығушылығын, қозғалмалы ұлттық ойындарды үйренуге құштар болуын, таңдамалы танымдық іс-әрекетін көрсетеді.

*Байқап-танып-білу компоненті* - балалардың бастамашылық танымдық іс-әрекеттерінде білім мен тәжірибе жинақтау және түсіну арқылы жүзеге асырылады.

*Үйреніп-жасау компоненті* - ерікті танымдық қызмет барысында үйрену мен дағдыларды меңгерудегі балалардың тәжірибесін қамтиды, балалардың танымдық қызметке деген саналы қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған.

Танымдық белсенділіктің қалыптасу өлшемдері мен көрсеткіштерін алғаш рет И.Т.Огородников қарастырды және өлшемдердің екі үлкен тобын анықтады: тұлғаның қажеттілігіне, түрткісіне, қызығушылығына және практикалық бағыттылығына, яғни танымдық белсенділіктің біліміне және дағдысына бағытталған. Бұдан әрі Г.И.Щукина бұл бағыттарды нақтылап, оларға тұрақты танымдық қызығушылық енгізіп және оның көрсеткіштерін анықтады. 80-жылдарда танымдық өлшемдері мен көрсеткіштері мәселесін Т.Н.Шамов қарастырып, баланың практикалық дайындығына ерекше көңіл бөледі [8].

Біз зерттеу жұмысымызда жоғарыда аталған еңбектерге сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін тиімді дамыту үшін келесі өлшемдерді тұжырымдауды жөн деп есептейміз және оқушылардың белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру үшін модель әзірлеу кезінде педагогика ғылымында негізделген модельдеу принциптерін басшылыққа алдық және оның компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін, құрылымдық жүйе ретінде қарастырып әзірледік және тандалған өлшемдер мен көрсеткіштер бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділік деңгейін анықтауға негіз болды.

Әдебиеттер:

1. Методы системного педагогического исследования: Учеб. Пособие /Под ред. Н.В.Кузьминой. –Л.: Изд-во ЛГУ, 1980, 46-47 С.

2. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. - М., 1982. – 192 С.

3. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: учебное пособие. – Алматы, 2002. – 90 С.

4. Қожашева Г.О. Оқу үдерісін технологиялық тәсіл негізінде жобалау арқылы болашақ мұғалімдерге математика курсының оқытуды жетілдіру (аналитикалық геометрия және сызықтық алгебра). П.ғ.к. ... дисс.. Алматы, 2003, 156 Б.

5. Философский энциклопедический словарь.- М.: ИНФВА М., 1999. – 576 С.

6. Кузьмина Н.В. Очерки психологии труда учителя. Психологическая структура деятельности учителя и формирование его личности. - Ленинград: Издательство Ленинградского университета, 1967. – 335 С.

7. Подласова И.П. Педагогика – М.: ВЛАДОС, 2004.

8. Шамов Т.Н. Проблемность - стимул познавательной активности // Народное образование. - 1966. - №4. - 32-37 С.

Кулейменов А.Ж.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Дене шынықтыру мұғалімі Искаков Ұ.М.

Б. Момышұлы атындағы орта мектеп, Қарағанды қ.  
Дене шынықтыру мұғалімі Исин М.М.  
мектеп-лицей №66 Қарағанды қ.

Дене шынықтыру мұғалімі Бейбитов С.А.

Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі, Қарағанды қ.

**ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА  
ОҚУШЫЛАРҒА ҮЙРЕТУ**

Бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі қоғамның басты міндеттердің бірі. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді.

Дене шынықтыру — денсаулық көзі, денсаулықты сақтау үшін әрекет, адамның күш мүмкіншілігін дамыту, жеңіске деген жігерін шыңдау, қиыншылыққа төзу қимыл-әрекетін шоғырландыра білу, соларға үйрену.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасын халық ертеден-ақ білген. Ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып, халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі әрі көрінісі болған. Қазақтың ұлттық ойындары жүгіру, секіру элементтеріне бай. Ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – жас ағзаның дұрыс та сергек өсуінің көзі болған және де балалар ойын ойнаған кезде ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты сонымен қатар, мінез-құлық ерекшеліктерін, білек-күшін, дененің сомданып шынығуын қалыптастырады. Сондықтан ұлттық ойындарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану қоғамымыздың ұлттық идеологиясын нығайтудағы өзекті мәселелердің бірі [1].

Еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дене шынықтыру, ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етуде. Дене шынықтыру пәнінің теориялық дәлелдемесін қазақтың ұлттық ойындарының тәжірибелік жағымен біртұтас алып қарайды. Сонымен, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінде деп негіздеме береді [2].

Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы туралы М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен салтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне, оның атқаратын қызметін жоғары бағалап, ұлттық қозғалмалы ойындарына алдынала белгіленген мазмұны бар, ойнау кезінде белгіленген тәртіпті сақтауға негізделген және жан-жануар, аң-құс т.б. нәрселерге еліктеу, соларға тән ерекшеліктерді міндеті түрде сақтау арқылы ойналатын ойындар түрлерін топтастырды. Спорттық бағыттағы ойындарға ережесі бар спорттық бағыттағы ойындар енгізілді. Халықтық ойын түрлері тобына ойын кезінде ойнау тәртібін еркін өзгертуге болатын белгілі бір ережеге бағынбайтын ойын түрлері топтастырылды. Ойын түрлерін осы тәртіппен топтастыруға мақсатымыз дене шынықтыру сабағының мақсатына байланысты ойындарды оқушылар мүмкіндігіне байланысты таңдап алуды жеңілдету.

Ұлт ойынының тәрбиелік маңызы туралы пікір айта келе ғалымдар сабақта және тәрбие жұмысында, балабақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға негіз болады, - деп пікір білдірген.

Бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі қоғамның басты міндеттердің бірі. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді.

Ұлы ғалым, философ Әбу Насыр Әл – Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі», - деген екен. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті ойын арқылы байқалады, сондықтан да оның мәні де ерекше болып табылады.

Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Ұлттық ойындардың қысқаша мазмұнын былай бейнелеуге болады:

«Теңге алу» - жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу - үлкен ептілікті, ат құлағында ойнайтын шабандоздық тәжірибені қажет етеді. Теңгені жерден іліп алғандарға бәйге беріледі.

«Қыз қуу» - бұл ұлттық ат спорты ойыны. Қыз қуу жарысында атқа мінген жігіт атпен шауып бара жатқан қызды қуып жетіп, оның бетінен сүюі керек.

«Көкпар» - ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша, әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі қазақ көк бөріні соғып алғанда, өлігін ат үстінде сүйреп, бірінен бірі ала қашып, өздерінше ойынның бір түрін ойлап тапқан. Уақыт өте келе көкпар ұлттық ойынға айналған.

«Асық ойыны» - қыз-бозбалалар ойыны. Жазғы айлы түнде ойнаған. Әдетте, қойдың жілігі немесе жауырыны, жамбасы пайдаланылған. Ойын жүргізуші ойыншыларды екі топқа бөледі. Сөйтіп, алдын ала әзірленген сүйекке белгі салып алған соң, оны алысырақ барып лақтырады. Кейде екі топтың мүшелері кезектесіп те лақтырады [3].

Мұның өзі қазақ халқының ежелден-ақ айрықша дарынды білімді болғанының дәлелі. Тағы бір ерекшелігі, ұлттық ойындардың, әсіресе, жасөспірім балаларға арналған түрлері әдетте өлеңмен «өрнектеліп» те отырған. Өлең-жыр арқылы ата-бабаларымыз ойынның эстетикалық әсерін арттырып қана қоймай, бүлдіршіндердің өлең-жырға деген ықылысын оятып, дүниетанымын арттыра білген. Тіпті қайсыбір ойын арқылы жас ұрпақты еңбекке баулып, шынықтыруды мұрат еткен. Демек, халқымыз ұлттық ойындар арқылы жастарды өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе білуге, қиын сәттен жол таба білуге машықтандыруды басты мақсат еткен. Мысалы, «Аламан бәйге», «Аударыспақ», «Арқан тарту» ойындары адамды төзімділікке үйретуге, ерік-жігерді игере білуге, білек күшін дамытуға бағытталған. «Хан дойбысы» ойын түрлерін спорттық, «Хан талапай», «Төрт асық», ойындары дәлдікті ептілікке, серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында адам қарсыласының әлсіз және күшті жақтарып дұрыс анықтауға ерекше мән береді. Оның күш қабілетін тура бағалау ережесіне енеді.

Ойын өнердің түріне, топты ұйымдастыру тетігіне айналды. Содан ойын өнері ұлттың әдеп-ғұрпының қалыптасуына, сақталуына үлкен ұйытқы болды, ықпал етті [4].

Қорыта айтқанда, ұлттық ойындар - салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлға – жаңа адамды тәрбиелеп шығарудың маңызды құралы. Сабақ барысында немесе сабақтан тыс кезде баланы ұлттық ойын арқылы өмірге тәрбиелеу үздіксіз процестің жалғасы. Халықтың ұлттық ойындары - жас ұрпақтың қалыптасып өсіп-өнуіне әсер ететін факторлардың бірі және дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты. Мектеп оқушыларына денешынықтыру сабақтарында дене күшін, қозғалыс дағдыларын дамытуға байланысты ұлттық ойындар түрлері физиологиялық, психологиялық тұрғыдан қазіргі заман талабына сай ары қарай дамытуды қажет етеді.

Мектепте оқушыларға денешынықтыру сабақтарында ұлттық ойындардың құндылығын насихаттаумен қатар, оларды қолданудың озық тәжірибелерін жинақтау және дамыту керек.

Ұлттық ойындар – ата-бабамыздан бізге жеткен мұра сияқты өткен күн мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, өнеріміз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті өмірде пайдаланудың пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өмірімен жалғаса береді. Ойын сан ғасырлар өтсе де адамзат баласына ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы болып қала береді.

Ойын баланың денесін, тұлғасын жетілдіріп, дамытып, қоймайды. Сонымен бірге ақыл-ойын, ұлттық рухын, сана-сезімін, намысында қалыптастыратын тәрбие құралы.

Баланы – ойын өсіреді. Ойынға қатыспаған бала әлжуаз, қорқақ, өз күшіне сенімсіз, бос кеуде, қиыншылыққа мойығыш болып өседі. Сондықтан оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі маңыздылығы ұлттық ойындарға сабақтарға енгізу ерекшелігі мен керектігі болады.

Әдебиеттер:

1. Құрманбаева С.К. Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі / Қазақстан мектебі. - Алматы, 2004.
2. Несіпбаев Б.К. Ұлт мәдениеті мен өнері / Білім. - Алматы, 2003.
3. Атабаев А.С. Ұлттық ойындар - халық мұрасы / Ұлт тағылымы. – Алматы, 2006.
4. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, 1991.

Кулейменова Л.М.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды қ.

## **ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАСТАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазіргі таңда жастардың бойына ұлттық құндылықтарымыз арқылы салауатты өмір салтына ынталандыру мен денсаулықты қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр. Өйткені денсаулығы мықты, ұлттық құндылығымызды бойына сіңірген әр студент оқу процесіне және қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын болады.

Жастардың дені сау болуы салауатты өмір сүруді қалыптастырумен тікелей байланысты. Яғни, салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі болып табылады. Салауатты өмір салты - бұл ең бірінші денсаулықты нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекеттер. Сондықтан қазақ халқының мәртебесін көтеретін мұраларымыздың бірі ұлттық ойындарымыз арқылы жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу өте маңызды қадам болып табылады.

Халқымызда «Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі» деп айтылған дана сөзі бар. Бұл сөздің мағынасы тереңде жатыр, яғни денсаулықтың басты құндылық екенін көз жеткізуге болады. Жастардың денсаулығын сақтап, дамыту барлық білім ошақтарында оқу-тәрбиелеу процесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Ұлттық құндылықтарымыз – ұлттық тіліміз, салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымызды жастар бойына сіңіруде ұлттық спорттың пайдасының маңызы зор.

Зиянды әдеттерден аулақ жүретін рухы таза ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық спорттың пайдасын ұғындыру мақсатында танымдық сабақтардың орны ерекше. Халқымыздың рухани құндылықтары – ұлттық идентичтіліктің, мәдениеттің және тарихтың негізі. Тіл, дәстүр, дін, музыка, ұлттық ойындар – қазақ халқының рухани әлемін қалыптастырады. Бұл ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту – қоғамның болашағы, ұлттық бірліктің кепілі. Рухани құндылықтарды жастарға жеткізу арқылы, ұлттық мәдениетімізді жаңғыртып, елдің дамуына үлес қосуымыз керек.

Сондай аса құнды игіліктеріміздің бірі – ұлттық ойындарымыз болып табылады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Асық ату», «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ», «Арқан тарту», «Аударыспақ», «Садақ ату», «Аламан бәйге» т.б. ұлттық ойындар балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытып сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейтуге қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы дамиды [1].

Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай қолданылады. Сол кезде ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы артып пайдасы болады. Білім алушыларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық ату» секілді ұлттық